

Аққулы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 сәуірдегі "Аққулы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 198/39 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 101/20 шешімі

Аққулы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аққулы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 сәуірдегі "Аққулы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 198/39 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6294 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әдістеменің 5-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) Аққулы аудандық мәслихат аппараты немесе кадр қызметінің міндеттерін атқару жүктелген тұлға (кадр қызметі бойынша бас маман) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.";

көрсетілген шешіммен бекітілген Әдістеменің 41-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, бас маман және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысудан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

көрсетілген шешіммен бекітілген Әдістеменің 42-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аққулы аудандық мәслихаты аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққулы аудандық мәслихатының хатшысы

Қ. Есімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК